



«Elorda Aqparat» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл жөніндегі  
нұсқаулығы

Астана 2023 жыл

## «Elorda Aqparat» ЖШС қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа, заңсыз сыйақы және коммерциялық пара алуға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық

### I тарау. Қолдану аясы мен негізгі ұғымдар

1. Осы қызметкерлерге арналған сыбайлас жемқорлыққа, заңсыз сыйақы және коммерциялық пара алуға қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) сыбайлас жемқорлық бағытындағы әрекеттерге не жататынын айқындайды, сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған жағдайда «Elorda Aqparat» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібін белгілейді.

Осы құжат Серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелер мен сыбайлас жемқорлық субъектілерінің қызмет ерекшеліктерін ескере отырып танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық субъектілері – мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқару функцияларын орындайтын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар, қызметкерлер, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес өзге де тұлғалар.

Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам.

2. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар минималды қажетті болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеу ретінде қарастырылмауы тиіс. Серіктестікте Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқа да шараларды қолдану күпталады.

3. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұғымдар мен анықтамалар қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген

адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Коммерциялық параға сатып алу - коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оның өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделеріне қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

Пара – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам немесе оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам немесе лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқықтар немесе мүліктік сипаттағы пайда.

Заңсыз сыйақы алу- Мемлекеттік органның не мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамы болып табылмайтын жұмыскерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын жұмыскерінің өз міндеттері аясына кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипатта көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуы.

Параны бопсалау-адамның пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың заңды мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттер жасау қатерімен пара талап етуі не зиянды салдардың алдын алу мақсатында пара беруге мәжбүр болатын жағдайларды қасақана жасауы.

## **2 тарау. Жалпы ережелер**

Қазақстан Республикасында пара алу және беру әрекеттері заңсыз болып табылады, олар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген

Егер мүліктік (мүліктік емес), материалдық қызмет көрсету түріндегі мүліктік пайда лауазымды адамның келісімімен оның туыстары мен жақындарына берілсе немесе егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды адамның іс әрекетін пара алу деп саралау керек.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлікпен қатар, өтеусіз көрсетілетін, бірақ төлеуге жататын мүліктік сипаттағы пайда (туристік жолдамалар беру, пәтер жөндеу, саяжай салу және т.б.) пара алу және коммерциялық сатып алу нысанасы болуы мүмкін.

Мүліктік сипаттағы пайда деп, атап айтқанда, берілетін мүліктің, жекешелендірілетін объектілердің құнының төмендетілуі, жалдау төлемдерінің, банк несиелерін пайдаланғаны үшін төленетін пайыздық мөлшерлемелердің

азайтылуы түсіндіріледі.

Пара алу және пара беру, бір қылмыстық модельдің екі қарама-қарсы жағы, егер пара туралы айтатын болсақ, бұл пара алатын адамның (пара алушы) және оны беретін адамның (пара беруші) бар екенін білдіреді.

Пара алу – ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе қорқытып алумен бірге жүретін болса, ол лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар алу мен пайда көруден тұрады.

Пара беру - лауазымды адамды заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндіруге немесе берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

Пара нысандары келесідей болуы мүмкін:

заттар, ақша, оның ішінде: валюта, банк чектері және бағалы қағаздар, асыл металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық құралдар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік.

Параның бүркемеленген түрі - іс жүзінде жоқ борышты өтеу түріндегі банктік қарыз, төмендетілген бағамен сатып алынған тауарларды төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, паракорға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеу үшін жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікпен несие алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін қаламақыны негізсіз көтеру, казинодағы «кездейсоқ» ұтыс, борышты кешіру, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту және т. б..

4. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Серіктестіктегі мүдделер қақтығысын реттеу Саясатын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы жалдаушының (жұмыс берушінің) өкілін хабардар ету туралы міндет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген міндеттері сақтау маңызды.

Айта кететін жайт, кейбір сөздерді, екіұшты ойлар мен ым-ишаратты айналадағылар пара беру туралы өтініш (тұспал) ретінде қабылдауы мүмкін.

Мұндай екіұшты ойларға, мысалы, мыналар жатады:

- «Мәселені шешу қиын, бірақ шешуге болады»;
- «Құрғақ қасық ауыз жыртады»;
- «Келісіп көрейік»;
- «Салмақтырақ дәлелдер қажет»;
- «Істің мән-жайын талқылау керек»;
- «Ал енді не істейміз?»
- «Кездесуге, сөйлесуге болады»
- «Қазір бос емеспін. Жұмыстан кейін кездесейік?» және т.б.

Ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе олардың пайдасына лауазымды тұлғалардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптарға мысал келтірсек:

- жалақының төмен деңгейі және қандай да бір мұқтаждарды өтеуге ақша қаражатының жетіспеуі;
- қандай да бір мүлікті сатып алуға, қандай да бір қызметті алуға, туристік сапарға баруға ниет білдіру;
- лауазымды адамның туыстарында жұмыстың болмауы;
- лауазымды адамның балаларының білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі және т.б.;
- ұлттық, кәсіби мерекелерге, туған күндер мен атаулы күндерге, сыбайлас жемқорлық субъектісіне, оның туыстарына және т. б. байланысты іс-шараларды атап өту, өткізу .

Лауазымды адамнан түсетін белгілі бір ұсыныстар, әсіресе егер олар ұйымдардың өкілдеріне және пайдасы олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты азаматтарға бағытталған болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл мұндай ұсыныстар жақсы ниеттен туындаған және шенеуніктің жеке пайдасына қатысы болмаған жағдайда орын алуы ықтимал. Мұндай ұсыныстарға, мысалы, келесілер жатады:

- лауазымды тұлғаға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;
- анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- нақты қайырымдылық қорына ақша салу;
- нақты бір спорт командасына, қоғамдық бірлестіктіке, діни ұйымына және т. б. қолдау көрсету.

Сыбайлас жемқорлық, заңсыз сыйақы және коммерциялық пара алу жағдайларын жою мақсатында қызметтік үй-жайларды бейнебақылаумен қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің құқықтық сауаттылығын арттыру, бизнес-процестерді оңтайландыру және цифрландыру мен автоматтандыруды енгізу бойынша шаралар қабылданды.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен көбірек байланысты лауазымдарды немесе жүктелген функцияларды орындауды анықтау қажет.

Мұндай лауазымдар мен функцияларға (бірақ олармен шектелмейді) мыналар жатады:

- бакылау-қадағалау функциялары;
- сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- рұқсат беру, келісу функциялары;
- ұйымдастырушылық-өкімдік (Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға берілген құқық);
- әкімшілік-шаруашылық функциялары (Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен ұйымның балансындағы мүлікті басқару және оған билік ету құқығы берілген) және т. б.

Уәкілетті тұлғаның не жұмыс берушінің жекелеген актілерімен ұйым қызметкеріне ұйымдастырушылық-өкімдік, әкімшілік-шаруашылық функциялар жүктелуі мүмкін екенін ескеру қажет.

### 3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде қажетті іс-қимылдар

5. Сыбайлас жемқорлық хабарламасы/қосалқы мәтіні бар ұсыныс түскен жағдайда, бұл туралы өзінің тікелей және(немесе) бірінші басшыға және(немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға дереу жазбаша нысанда хабарлау қажет, оның ішінде қолда бар материалдарды (скриншоттар, корреспонденциялар, аудио, бейне жазбалар және т.б.)қоса бере отырып, «1424» Call-орталығына немесе «Е-өтініш» (ЭЦҚ қажет) арқылы жүгіну қажет (скриншоттар, корреспонденциялар, аудио, бейне жазбалар және т.б.).

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі жасырын өтініш болып табылады. Алайда, бұл жағдайда өтініш беруші аты-жөнін жасыруға байланысты жауап пен қаржылық сыйақыны күте алмайды. Сонымен қатар, мұндай өтініште алда болатын немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер қамтылған жағдайларды қоспағанда қылмыс туралы жасырын өтініштің өзі қылмыстық істі қозғауға негіз бола алмайды.

7. Параны бопсалау, заңсыз сыйақы, коммерциялық пара алу жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға «1424» Call-орталығына немесе «Е-өтініш» (ЭЦҚ қажет) арқылы жүгіну, сондай-ақ бұл туралы Серіктестік басшылығына хабарлау қажет. Серіктестік қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе Серіктестік басшылығына сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер (әрекетсіздік) мәселелері бойынша жүгінген жағдайда, Серіктестік басшылығы Қазақстан Республика заңнамасында көзделген және оның құқықтарын қорғау, оның ішінде оны қорқытудан, ұжымда моббингтен шектеу жөнінде өзге де ақылға қонымды шаралар қабылдауға тиіс.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу мақсатында Серіктестік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда және ҚР заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыру (орындау) қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін Серіктестік бірінші басшысы дербес жауапты болады.

9. Сыбайлас жемқорлық субъектісіне не оның жақын туыстары мен жеқжаттарына хабардар етілмей келіп түскен, сондай-ақ ол тиісті функцияларды орындауға байланысты алған сыйлықтар келіп түскен жағдайда алған сыйлықтар сыйлықтың алынған күнінен бастап адамға сыйлықтың алынғаны туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге жатады, ал нақ сондай мән-жайларда көрсетілген қызметтерге қызмет көрсетілген күннен бастап қызметтің көрсетілгені туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы ақы төленуге тиіс.

#### 4-тарау. Басшылардың қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылығы

10. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды күшейту мақсатында қарамағындағылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған, заңсыз сыйақы алған, коммерциялық пара алған және өздерінің функционалдық міндеттерін атқару кезінде өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған және олардың кінәсі сотта дәлелденген басшылардың дербес жауапкершілігін қарау көзделген.

11. Серіктестік қызметкері өзінің функционалдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, заңсыз сыйақы алу, коммерциялық пара алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау фактілері бойынша қылмыстық қудалау органдарына тартылған жағдайда, осы қызметкер Еңбек кодексіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот ісін жүргізу кезеңінде өз міндеттерін орындаудан шеттетілді. Бұл қызметкердің тікелей басшысы қызметкерді өз міндеттерін орындаудан шеттету үшін тиісті шараларды қолдануға міндетті.

12. Тәртіптік жазаның мынандай түрлері қолданылады:

- ескрету;
  - сөгіс;
  - қатаң сөгіс;
  - Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартың бұзу.
- Басшы тікелей бағыныстысына қатысты Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабының бірінші бөлігіндегі 3), 4), 9), 10), 12) тармақтардың және 36-бабының негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны, заңсыз сыйақы алғаны, коммерциялық пара алғаны үшін соттың заңды күшіне енген айыптау немесе сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатқан үкімі болған жағдайда, басшы оны жұмыстан босату туралы өтініш беруге міндетті.

Жұмыстан босату туралы өтініш басшыны қызметке тағайындауға және жұмыстан шығаруға құқығы бар адамға беріледі. Жұмыстан шығару не тәртіптік жазаны қолдану туралы шешім қабылдау (басшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шараларын ескере отырып) басшыны осы лауазымға тағайындаған адамның құқығы болып табылады.

Басшының отставкаға кететін мерзімі 10 күнтізбелік күнді құрайды.

13. Басшылар мен олардың тікелей бағыныстылары Серіктестік ұйымдық құрылымына және штат кестесіне сәйкес айқындалады

Тікелей бағынысты адам сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық жасаған жағдайда басшы осы лауазымға тағайындалған күннен бастап 3 ай өткен соң жеке жауапкершілікке тартылатынын ескеру қажет.

Бұл ретте, жоғарыда аталған жауапкершілік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 24-бабына сәйкес тікелей бағынысты адамда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындау фактісі/мүмкіндігі туралы дербес жазбаша хабарлаған басшыларға қолданылмайды.

14. Серіктестік қызметкері өз функционалдық міндеттерін орындау кезінде

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, заңсыз сыйақы алу, коммерциялық пара алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері туралы хабарлаған немесе қызметкерлердің өзінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлыққа, коммерциялық пара алуға және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте өзге де түрде жәрдемдескен қызметкер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

Бұл ереже заңға сәйкес жауаптылыққа жататын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдарға қолданылмайды.

15. Кәсіпорын қызметкерлерінің өз функционалдық міндеттерін орындауы кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық пара беруге және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға жәрдемдесетін қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

#### 5-тарау. Қорытынды ережелер

16. Осы Нұсқаулық Серіктестік басшысы/директоры/ бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

17. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет/кадр қызметі барлық қызметкерлерді осы Нұсқаулықпен таныстыруды жүзеге асырады. Серіктестікке жұмысқа қабылдау кезінде қызметкер жұмысқа қабылданған күннен бастап бір күн ішінде осы Нұсқаулықпен танысуға жатады.

18. Осы Нұсқаулық Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

#### Серіктестік қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа, заңсыз сыйақы және коммерциялық пара алуға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру тізімі

№ р/п	ТАӘ	лауазымы	күні	қолы
1	Шарипбеков	зав. ес. орталы	22.05.23	[Signature]
2	Жақыпова	инженер	22.06.23	[Signature]
3	Асанов Д. А.	Механик	22.06.23	[Signature]
4	Мадаев А.	А.Е. Дурганов	22.05.23	[Signature]
5	Кенжетов Б. Б.	Механик по ТЭ	22.05.23	[Signature]
6	Жақырбеков К. Е.	инженер	22.05.23	[Signature]
7	Садытов Р. С.	дир. өлкө.б.	12.06.23	[Signature]
8	Машакова Б. М.	редактор	13.06.23	[Signature]
9	Талмашбекова Т.	зам. редактор	13.06.23	[Signature]
10	Зунзак Скотерина	зам. редактор	13.06.23	[Signature]
11	Талмашева Маниса	зам. редактор	13.06.23	[Signature]